

**Қамқоршылық кеңестің отырысының
№ 6 Хаттамасы**

«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

«29» 12 2025 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов

Кеңес хатшысы – Ж.К. Жумабаева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. – КММ «Костанайюжэлектросервис» директоры
2. Ерденов А.У. – «Ерденов А.У.» ЖК басшысы
3. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
4. Омарова А.А. – «Омарова» ЖК басшысы
5. Усенова Ж. – 1 курс білім алушысының ата-анасы
6. Кариева Ж.О. – 2 курс білім алушысының ата-анасы
7. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры
8. Соколова Т.Ж. – ЖШС «Олви» директоры

Қатыспағаны: 2 адам

1. Тулекбаев С.К. – Арқалық қ. № 4 сайлау округінің депутаты
2. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы

Күн тәртібі:

1. Колледждің 2025 жылғы қамқоршылық кеңесінің қорытындысын шығару және жұмыс жоспарын қарау, бекітуге ұсыну

Кеңес төрағасы

2. Колледждер рейтингін (KPI) талқылау

Кеңес төрағасы

Колледж директоры

3. Колледж директорының есебі

Колледж директоры

4. 2025-2026 жылғы колледждің білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттары бойынша жоспары

Директордың оқу-өндірістік орынбасары
Колледж директоры

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша 2025 жылғы Қамқоршылық кеңестің жұмысы бойынша баяндама оқылды. Кеңес төрағасы Муканов А.К. колледждің 2025 жылғы Қамқоршылық кеңесінің атқарған қызметінің қорытындысын баяндады. Баяндамада атап өтілгендей, колледждегі оқу-тәрбие процесі тұрақты және жүйелі түрде жүргізілді, білім алушылар мен оқытушылар арасында елеулі даулы немесе тәртіпке қатысты оқиғалар тіркелмеді. Қамқоршылық кеңестің жұмысында құқықтық тәрбие шаралары, ішкі тәртіп ережелерін сақтау және академиялық адалдық қағидаларын насихаттау жүйелі түрде жүзеге асырылған. Алдағы кезеңде құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейту, ішкі тәртіп ережелерін білім алушыларға тұрақты түрде таныстыру және академиялық адалдық қағидаларын насихаттау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажеттігі ерекше атап өтілді. Кеңес мүшелері бұл шаралардың оқу-тәрбие сапасын арттыруға, студенттердің тәртіп пен құқықтық сауаттылығын күшейтуге маңызды үлес қосатынын мойындады. Осылайша, 2025 жылы колледждегі оқу-тәрбие процесінің тиімділігі мен тұрақтылығы қамтамасыз етілгені қорытындыланды.

Екінші мәселе бойынша Кеңес төрағасы және колледж директоры колледждер рейтингінің (KPI) көрсеткіштері туралы баяндады. Білім алушылардың шығармашылық белсенділігі, тәрбие жұмыстары және «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар талқыланды. Колледжде мамандықтар бойынша көрме жұмыстарын жетілдіру қажеттігі атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша колледждің 2025 жылға арналған сапалы білім беру қызметтерін көрсету бойынша атқарған жұмысы туралы есеп тыңдалды. Есепте колледж қызметінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылып отырғаны және негізгі миссиясы еңбек нарығының талаптарына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталғаны атап өтілді. Колледжде білім беру мемлекеттік және орыс тілдерінде 7 мамандық бойынша жүргізіліп, білім алушылар контингенті 377 адамды құрады. Оқу үдерісінде заманауи педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру, оқу процесінің практикалық бағытын күшейту және әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылды дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылғаны көрсетілді. 2025 жылы колледжді 4 мамандық бойынша 92 түлек аяқтағаны, түлектерді жұмыспен қамту көрсеткіштерінің оң динамика көрсеткені, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылардың әртүрлі деңгейдегі байқаулар мен ғылыми іс-шараларға белсенді қатысқаны атап өтілді. Қорыта келе колледждің 2025 жылғы қызметі тұрақты, нәтижелі және сапалы білім беру қызметтерін көрсетуге бағытталғаны айтылды.

Төртінші мәселе бойынша колледж директоры 2025–2026 оқу жылына арналған колледждің білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттары бойынша жоспармен таныстырды.

Баяндамада жоспардың негізгі бағыттары ретінде білім беру сапасын арттыру, түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін жақсарту және жұмыс берушілермен ынтымақтастықты нығайту мәселелері қамтылғаны атап өтілді. Сонымен қатар, аталған жоспарды тиімді іске асыруда Қамқоршылық кеңес мүшелерінің белсенді қатысуы мен қолдауының маңыздылығы ерекше атап өтіліп, әрбір кеңес мүшесінің колледждің даму үдерісіне қосатын үлесі маңызды екені айтылды.

ШЕШІМІ:

1. 2025 жылғы Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы Кеңес төрағасы Муканов А.К. ұсынған баяндама қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Колледжде оқу-тәрбие процесінің тұрақты жүргізілуі және тәртіптік жағдайлардың болмауы оң нәтиже ретінде бағалансын.
3. Колледжде құқықтық түсіндіру жұмыстарын, ішкі тәртіп ережелері мен академиялық адалдық қағидаларын насихаттау бойынша іс-шараларды жүйелі түрде жалғастыру және күшейту ұсынылсын.

4. Колледждер рейтингінің (KPI) көрсеткіштерін арттыру мақсатында білім алушылардың шығармашылық белсенділігін, тәрбие жұмыстарының сапасын және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы іс-шараларды одан әрі жетілдіру тапсырылсын.
5. Мамандықтар бойынша көрме жұмыстарын жетілдіру, олардың мазмұнын жаңарту және тәжірибелік бағыттылығын арттыру жөнінде нақты шаралар қабылданын.
6. Колледждің 2025 жылғы сапалы білім беру қызметтерін көрсету бойынша атқарған жұмысы тиімді және нәтижелі деп бағаланын.
7. Түлектерді жұмыспен қамту көрсеткіштерін арттыру, оқу процесінің практикалық бағытын күшейту және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықты дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
8. 2025–2026 оқу жылына арналған колледждің білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынылған жоспар бекітілсін.
9. Аталған жоспарды іске асыруда Қамқоршылық кеңес мүшелерінің белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін, әрбір мүшеге жоспар шеңберінде нақты бағыттар бойынша жұмыс жүргізу ұсынылсын.
10. Осы қаулының орындалуын бақылау қамқоршылық кеңес төрағасына жүктелсін.

**Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы**



Муканов А.К.

**Қамқоршылық кеңесінің
Хатшысы**

Жумабаева Ж.К.